

**Директордың жанындағы отырыс
ХАТТАМА № 3**

« 30 » қыркүйек 2022 жыл

Кеңеске жалпы қатысқандар саны – 25

Кітапханашы-2

Шағын орталық тәрбиешісі-1

Күн тәртібінде қаралатын мәселе:

1. Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарын бақылау қорытындысы
2. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы
3. Оқушылардың бос уақытының қамтылуы

Бірінші сұрақ бойынша тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды:
Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамыз ету жұмыстары туралы.

Аз қамсыздандырылған отбасы балаларына үкімет, ұжым тарапынан әрдайым қолдау көрсету. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 31 бап 2 тармақ 7) тармақшасын, ҚР «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31- бап 14.19- тармақтарын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 31.12.2015 жылғы №717 бұйрығына 1-қосымша «орта білім беру ұйымдарына білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру» қағидаларын басшылыққа, ҚР Үкіметінің 25.01.2008 жылғы №64 «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөріс деңгейі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.03.2012 жылғы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» қаулыларын басшылыққа ала отырып, ақысыз ыстық тамақпен қамтамасыздандырылатын оқушылардың тізімі жасалынып бекітілді. Мектеп асханасында ыстық тамақпен қамту жұмыстары ұйымдастырылып, асхана жұмысын бақылау жауапкершілігі жүктелген бұйрықпен тағайындалды. Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 25.05.2000ж. №121 бұйрығына сүйене отырып жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан нысанды киім,ыстық тамақпен көмек алуға құқығы бар.

Аз қамсыздандырылған отбасынан шыққан 2-11 сыныптардан 19 оқушы қамтылып отыр. Ақысыз ыстық тамақпен (аз қамтылған, көп балалы, жетім) қамтамасыздандырылатын оқушылардың тізімі жасалып, төмендегідей құжаттары жинақталған.

1.Өтініш

2. Өтініш несінің (отбасының) жергілікті атқарушы органдар тарапынан ұсынылатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тұтынушылар қатарына жататынын растайтын анықтама

3. Табысы туралы мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналарының немесе оларды алмастырушы тұлғалардың еңбекақылары, кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түскен табыстары, балаларға төленетін алимент түріндегі және қарауындағы басқа да адамдардың табыстары)..

4.Материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеру актісі. Аз қамтылған, көп балалы, жетім отбасынан шыққан оқушылар ақысыз ыстық тамақпен қамтылған. Нормативтік құжаттардың жүргізілуі, оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы , қоңырау кезінде оқушылардың асханада тамақ ішу кестесі

Әкімшілік тарапынан қадағалануда.Асханадағы бөлмелер мен құрал жабдықтардың санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларға сай санитарлық жағдайда болуын , мектеп асханасының көрінетін жерінде дұрыс тамақтану бұрышын ұйымдастыру, ата-ана үшін «Бақылау асын қою», қолданып жүрген заңдылықтарға сәйкес сапалы әрі қауіпсіз азықтармен асхананың қамтамасыз етілуі, оқушылардың тамақтан улануының алдын алу мақсатында асханада пастерленбеген сүтті, газдалған сусындарды, тез дайындалатын тамақты (гамбургерлер, тағамдары, чипси, кирнешки, қуырылған жұмыртқа, бәліш) құрамында гинетикалық түрлендірілген индигredientтері бар өнімдерді бар қолдануға тиым салынуын мектеп медқызметкер А.Ибраева қадағалап отырады.

2-11 сыныптардан -19 оқушыға үй-тұрмыс жағдайын тексеру актісі жасалып, жалпы оқыту қорынан берілетін бір мезгіл ақысыз ыстық тамақпен қамтылсын.(оқушылардың тізімі қоса салу)

Екінші сұрақ бойынша «Мектепке жол»акциясының қорытындысы бойынша мектеп директоры А.Аксеитова мен тәрбие ісінің орынбасары А.Жаксыбаева тыңдалды:

2022 жылы «Мектепке жол» Республикалық акциясы балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №780 Жарлығымен жарияланған Балалар жылын іске асыру шеңберінде өткізіледі. Акцияны ұйымдастырушылар өз қаласының барлық азаматтарына, бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, меценаттарға акцияға қосылу және өмірлік қиын жағдайда отбасылар мен балаларға көмек көрсетуге өз үлесін қосу ұсынысымен жүгінеді. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады, оның мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады. **Акцияның мақсаты** — аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. Акцияның басталуы 2022 жылдың 1 тамызынан, аяқталуы — 2022 жылдың 30 қыркүйегінде. **Үшінші сұрақ бойынша А.Жаксыбаева тыңдалды: «Оқушылардың бос уақытын қамтылуы»** Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс, ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Адам өмірінде бос уақыттың рөлі өте ерекше. Ол демалу, тынығу үшін емес, рухани қажетін өтеуге, ойлау қабілетінің жетілуіне, жалпы жан - жақты болуына арналады. Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Бос уақытты пайдалана отырып, қоғам, ұжым, отбасы оқушылардың демалысын тиімді етіп ұйымдастырылуына күш жұмсауы қажет. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт - олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге атсалысу, оған аса мән беру - қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс. Сонымен қатар, қазіргі кезеңде бос уақытты әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру мәселесі әлемдегі барлық ғылымдардың назарын аударып отыр, өйткені қоғамымыздағы әлеуметтік - экономикалық, саяси және мәдени өзгерістер тұлға санасына да жаңаша көзқарас қалыптасуын қамтамасыз етуде. Адам факторының белсенділігін жандандырудың көп шарттарының бірі – бос уақытты тиімді пайдалану. Бос уақыт – бұл жұмыстан немесе оқудан тыс мезгілде өз бетінше білім деңгейі мен мамандығын көтеруге, қоғамдық жұмыстарды атқаруға, дене тәрбиесі мен спортпен айналысуға, шығармашылық еңбек пен бала тәрбиесіне көңіл бөлуге, көркем өнермен айналысуға, көңіл көтеруге бағытталған уақыттың бір бөлігі. Ғылыми – техникалық дамудың жеделдеуіне орай халықтың жұмыстан бос уақытты тиімді пайдалануы К. Маркс айтқандай рухани өмірді және жеке қабілетті дамытудың негізгі қоғам мүшелерінің жан - жақты дамуының басты шарты болмақ. Бос уақытты тиімді пайдаланудың қызықты түрлерінің бірі көркем әдебиет оқу мен теледидар көру болып келеді. Адамдар рухани өмірдің жәй тұтынушысы ғана болмай, оның белсенді жасаушысы да болу үшін оларды міндетті түрде бос уақытты ұтымды пайдалануға дағдыландыру орынды. Оқушылар бос уақыттарына қарай өздері ұнатқан қосымша сабақтарына, үйірмелеріне барып, қосымша білімдерін арттыруға болады. Сонымен қатар оқушылар спорттық аэробика, волейбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, минифутбол, асық ату сынды көптеген спорттық секцияларға қатысуға болады. Әрине ол балаларыңыздың бос уақыттарына қарай және ата-аналар сіздердің өз таңдауларыңызда. Қорыта келгенде оқушы бойына сезім, мінез, қабілет, ойлау, дағды, өмірге және өнерге, спортқа деген қызығушылығын арттыру үшін білім мен қатар тәрбиенің де жүретіні белгілі. Сондықтан да жалпы ата-ана болсын, ұстаз болсын балалармен әрдайым жақсы қарым-қатынаста болып, өз ойын ашып айтуға бағыттаса келешекте олардың белгілі бір дәрежеде жақсы маман иесі, үлгі тұтар азамат болып қалыптасуына ықпалын тигізеді.

ШЕШІМ

1. Оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстарын қанағаттанарлық деп саналсын
2. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы қанағаттанарлық деп бекітілсін.
3. Оқушылардың бос уақытының қамтылуы жоспарлансын

Төрайымы:  А. Аксеитова

Хатшы:  Н. Молдагайсина

